

"Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін тарату мен Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асырудың шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 13 желтоқсан N 1718

"Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін тарату және Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 14 қазандағы N 2519 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің республикалық кітап, газет-журнал баспаларын, полиграфия және өзге де мемлекеттік ұйымдарды басқару субъектісінің функцияларын берсін.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне;

республикалық бюджеттен қаржыландыратын барлық газеттер мен журналдардың құрылтайшысы;

мемлекеттік телерадио хабарларын таратудың көлемі мен сағаты Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтағаннан басқа жағдайда мемлекеттік телерадио хабарларын таратудың көлемі мен сағатын белгілеу жөніндегі тапсырыс беруші;

әлеуметтік мәнді әдебиет шығару бойынша тапсырыс беруші құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды ұстау үшін 1995 жылға қарастырылған бюджеттік қаражатты бөлсін, сондай-ақ әлеуметтік мәнді әдебиет шығаруға және республикалық газеттер мен журналдардың шығынын жабуға бөлінген дотацияларды беруді қарастырсын.

4. "Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің мәселелері" туралы Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 16 қазандағы N 614 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, N 23, 171 бап.) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК